

Серікқали қажев Раев жайлы әдебиет:

Серікқали Раев жұбайы Қауия екеуі де ақ қаңылтыр цехынан құрметті демалысқа шыққан, бірақ күні бүгінге дейін аса белсенді өмір салтын ұстанып келеді. Еліміздің егемендігіне байланысты қазақ халқының тарихы, салт-дәстүрі, тілі, төл мәдениеті сияқты ұлттық құндылықтарды жандандыруға олардың қосып отырған үлесі орасан зор.

Бүгінде Серікқали Раев өзінің мұсылмандық бес парыздың бірі - **қажылық** сапарын өтеп, имандылық жолындағы бар білгенін жас ұрпаққа үйретуде. Metallургтер қаласының бірде бір жиыны, басқосуы Серікқали қажысыз өтпейді десек артық айтқандай болармыз. Мұндай кездесулерде Серікқали аға жастарды үнемі салауатты өмір салтын ұстануға насихаттап, оларға адамгершілік, рухани, мұсылмандық тәрбие беруде үлкен мәртебелі рөл атқарып келеді.



Алтайбаева, С. Ақылды қария - ағынды дария: [ардагер металлург Серікқали қажы Раев жайлы] // Құрыш қала. - 2014.- 16 мамыр (№20).- 10 б.



Құрастырушы: АББ библиографы
Жанашева К.А.

ОК телефоны: 8(7213)98-47-60
Факс: 8(7213)44-66-81
E-mail: tcsqb@mail.ru



«Теміртау қаласының орталықтанған
кітапханлар жүйесі» КММ
Ақпараттық библиографиялық бөлім

Қала тарихындағы есімдер



Серікқали қажы Раев Жаднама

Теміртау, 2015

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары Қазақстан Магниткасы бүкілодақтық екпінді құрылыс деп жарияланып, кең-байтақ одақтың түкпір-түкпірінен жастар Арқаға ағылып келген еді, оларды қара металлургия қызықтырды...

Осылайша, қазақ даласында үлкен өндіріс ошағының—Қарағанды металлургия комбинатының іргетасы бой көтерді. Қазір ол дүниежүзінің жетпістен аса еліне өз өнімін тарататын үлкен кәсіпорын.

Сол бір кезден бастау алған жаңа өндіріске қазақ жастары ерекше ықылас білдірді, ел билігі болашақ инженер, металлург қазақ азаматтарының қатарын көбейтуді көздеп, осында үш мың қазақ жігіттерін арнайы жолдамамен жіберді. Қазір солардың көбі металлургия мектептен өтіп, осы істің майталмандары атанған ардагерлер сапында...

Балалық бал дәурені соғыстың алапат тауқыметіне айырбасталған осы буын өкілдері өмірге өзіндік арман-мақсатпен, қажыр-қайратпен араласты.

Бүгінгі әңгімемізге арқау болып отырған кейіпкеріміз, Серікқали Раев 1958 жылы Семейдегі Аягөз ауданының Мыңбұлақ орта мектебін үздік бітірген түлектердің бірі еді. Мектепті үздік бітіргендіктен оқу бөлімі Мәскеудегі Бауман атындағы жоғары техникалық училищеге тек бір адамға ғана тиесілі жолдаманы осы

кісіге ұсынған. Бірақ тоқсанға таянған қарт әкесі «бар қолғанатым өзіңсің» деп рұқсат етпеген. Шөп шауып, егін жинау қамында жүрген бозбала аудандық комсомол комитетінің уәкілі «Теміртау қаласында салына бастаған заводқа бар» деп тағы ұсыныс жасағанда қарт әке баланың келешегін ойлап, өзінің рұқсатын берген көрінеді. Міне, сол жолы осы өңірдің оншақты жігітімен бірге кәсіби мамандық игеру үшін Горький облысындағы техникалық училищеге аттанады. Кейін сол жігіттер жұп жазбастан Теміртауға табан тіреп, заводта еңбек жолын бастайды. Оқуға, еңбекке о бастан икемді жас училищені жақсы оқып, жоғарғы разряд алып шығады. Әу бастан ауылдан оқуға жібергенде-ақ олар Қазақстан Магниткасында еңбек етуге дайындалған еді. **Т а ғ д ы р д ы** н бұйрығымен ауылда мектепті қазақ тілінде бітірген жастар техникалық мамандықты игеріп, қара металлургияның қазанын қайнатқан білікті маманға, кейін білімді инженерге айналды. Осылайша Бауман атындағы жоғарғы оқуды кәсіби училищеге айырбастаған жас маман өзінің Ресейде техникалық мамандық игергенін өмірде жолының болғанына балайды.

- Училищеде білім алу маған, бүкіл еңбек жолыма жақсы бағыт-бағдар болды, өйткені мамандық болмай өндіріске бірден келсең білместіктен көп зардап шегерің анық. Ал жұмысшы мамандығын бес саусақтай білу бұл бүкіл өндірісті игеру десек болады, - дейді Серікқали Раев өзінің алғашқы еңбек жолы туралы. Ол комбинаттағы ауыр цехтардың бірі - болат қорытатын мартенде жұмыс істей жүріп қаламыздағы жоғарғы техникалық оқу

орнын бітірген соң, комбинаттың күрделі құрылыс басқармасына аға инженерлікке тағайындалды. Бұл №4 шойын қорытатын домнаның құрылысы қарқын ала бастаған кез. Пештің металл конструкциясын монтажшылардан жобаға, техникалық мөлшерлемеге сай қабылдап, өз міндетін өте ықтиятты атқарды. Кейін ақ қаңылтыр цехы салынғанда осы цехтың он төрт пролетінің құрылысын және 45 технологиялық крандарды монтажшылардан қабылдап алған. Бұл өте жоғары жауапкершілік, зор сенім еді.

Бос уақытында қоғамдық жұмыстан да қалыс қалған жоқ, цехта партия ұйымының хатшысы міндетін де абыроймен атқарды. Осындай адал еңбегінің арқасында комбинаттың отыз жылдық мерейтойына байланысты кәсіпорын ардагері деген мәртебелі атаққа ие болды, жары Қауия да осы комбинатта кран машинисі болып ұзақ жылдар жемісті еңбек етті.

1992 жылы комбинаттың бас директоры бұйрық беріп, кәсіпорын жанынан қазақ мәдениет орталығы құрылды, еңбек демалысында болсам да осы жұмысқа басшылық жасау маған сеніп тапсырылды. Бұл бір елдің ұлттық рухы көтерілген ерекше шабытты кезең десем артық емес. Сондықтан тіл мен ділді көтеруге ерекше құлшыныспен кірістік, - дейді Серікқали қажы сол бір жылдарды ерекше еске алып.